



EGEMEN QAZAQSTAN



ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТОВ – 130

Сарабдал да сиқыр сөз иесі

Алаш ардағы, кайраткер-қаламгер, ақын-аудармашы Һәм ұстаз-ғалым Жүсіпбек Аймауытұлы қоғамдық қызметімен қатар, қазақ руханиятын ұлттық мұрат пен елдік мүддеге негізделген, дәстүр мен дін байланысын берік ұстанған, тарих пен таным тоғысын терең таразылаған, білім мен ғылым сабақтастығын сарабдал саралаған, тіл тұғыры мен тәлім-тәрбие арналарына жіті назар аударған – «сегіз қырлы, бір сырлы» дара дарын иесі.

Анығында, Жүсіпбек Аймауытұлы ұлт руханиятына, оның ішінде сөз өнерінің дәстүрлі жанрларының дамуы жолында ерен еңбек етіп, сүбелі үлес қосты. БАҚ жүйесіне еркін араласып, жауапты қызметтер атқарды. Өрі осы тұста ел-жер, адам өмірі мен еңбегі, тұрмыстырлық көріністері бірқатар мақала, көсемсөздері – «Алаш», «Ақжол», «Қазақ», «Қазақ тілі», «Кедей сөзі» газеттері мен «Абай», «Жаңа мектеп», «Жас қазақ» журналдарында жарияланды. Тақырыптық мәні, көкейкестілігі де жұрт назарын аударды.

Ал «Еңбекші қазақ» газетін – 1921 жылдың ақпанынан бастап, сол жылдың қазан айына дейін басқарды. Өрі әлеуметтік Һәм қоғамдық бағыты, елдік мәні, мәдени-рухани сипаты жоғары, білім-ғылыми Һәм тәлім-тәрбиелік нәрі мол көптеген мақалалары жарияланды.

Сондай-ақ Ж.Аймауытұлы «Абай» журналының негізін қалады (М.Әуезовпен бірге). 12-ші саны жарық көрген басылым беттерінде – «Абайдың өнері Һәм қызметі», «Абайдан соңғы ақындар», «Қазақ әйелі», «Мәдениет Һәм ұлт», «Ғылым», «Ғылым тілі», «Философия жайынан», «Оқу ісі» т.т.маңызды материалдар жарияланды. Әсіресе, Ж.Аймауытұлы мен М.Әуезовтің бірлесіп жазған – «Абайдан соңғы ақындар», «Қазақтың өзгеше мінездері» сынды мақалаларынан ел-жер, ұлттық мұрат, дәстүр сабақтастығы мәселелерінен өзге ортақ бағыттары мен мақсат-мүдде бірлігі, дүниетаным үндестігі, дос-сырлас көңілдері, танымталғам мәні терең танылады.

Бұдан басқа, Қазақ комитеті, «Алаш» партиясы, Семей губерниялық атқару комитеті (жер, әділет, халық ағарту бөлімдері), Халық Ағарту комиссариатында еңбек етті. Ұстаздық қызметі – Семей, Қарқаралы, Орынбор, Ташкент, Шымкент қалаларымен байланысты болды (1917-1920).

Шығармашылық ғұмырбаянының жарқын беттерінің бірі – қазақ әдебиетінің шағын және орта Һәм көлемді жанрларында жанкешті еңбегі. Оның әрбір шығармасынан ұлттық мұрат, елдік мүдде, адам еңбегі мен тұрмысы кеңінен көрініс берді. Қоғамдық-әлеуметтік мәселелер, бай-кедей қатынасы, әйел теңсіздігі, білім-ғылым ісі, әліпби мәні, сөз өнері,

мәдени-рухани арналар кең орын алды.

Көсемсөздік мұрасы мен педагогика Һәм психология бағытындағы еңбектері танымдық нәрі, тәлім-тәрбиелік мәні тұрғысынан қазіргі кезеңде де құндылығын жойған жоқ. Өнерпаздық қырларын еске алсақ, бұдан актерлік Һәм режиссерлік сипаттары, ән-өлең мұрасы мен сазгерлік тұстары терең танылар еді. Бұдан басқа, «...ағаштан түйін түйетін, ер шабатын, домбыра жасап, етік тігетін» ерекшелігі мен қырлары да болған (З.Ақышев. Жүсіпбек және оның «Қартқожасы». – «Жұлдыз», 1990, №8. - 185-186 беттер). Ақын Ө.Тәжібаев: «Жүсіпбек – баянауылдық, 1896 жылы туған, Мұхтар Әуезовпен қатар оқып, әдебиетке де қатар келген, талант, білім жағынан да тең, ең жақын досы болған жазушы», дегенді мақтанышпен де, сағынышпен де еске алады.

Ақиқатын айту керек, көрнекті қаламгердің өмірбаяны хақында әр алуан пікірлер мен қилы көзқарастар бар. Көрнекті қаламгер С.Мұқанов «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» атты еңбегінде көптеген қазақ зиялылары – А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, М.Дулатов, С.Дөнентаев, Б.Күлеев, Ғ.Қарашевпен бірге Ж.Аймауытұлының өмірі мен қаламгерлік қызметі хақында маңызды мәліметтер береді. Ж.Аймауытұлының әкесі, руы, ұрпақтары туралы дәлелді дерек-дәйектерді алға тартады. Бастапқы тұста-ақ: «Жүсіпбек Аймауытұлы 1893 жылы бұрынғы Кереку уезі, Семей облысы, Қызылтау болысында туған» деп анық-қанық жазады.

С.Сәдуақасовтың сұрақтарына қайтарған жауабында қаламгердің өзі сиыр жылының аяғында (1890) «...түсам керек» дейді. Шымкент педтехникумындағы анкеталық жазбаға: «1888 жыл» деп толтырылады.

Ал «...тергеу ісі» материалдарының бірінде (1929, 16 мамыр): «...40 жастамын, отбасылы – үш балам бар» дегенді анық-қанық айтады (ҚР ҰҚКМ – 01149 – іс, 2 том). Айыптау қорытындысының келесі бөлігінде «...40 жас, қазақ, ұстаз-әдебиетші, партияда жоқ» дегенді де назарға салады (ҚР ҰҚКМ-011494- іс, 6 том). Қоғамдық қызметі, ел мүддесі кең орын алады.



Қаламгер жасаған Комсомол ШЕЖІМІ. «ЕУ»

Жазушы жайлы жекелеген ізденіс, зерттеулер жүйесі де кең өріс алды. Еске алсақ, филология ғылымдарының кандидаты Е.Өтебайұлы «Тағдырдың кездестім ғой кермесіне...» атты мақаласында жазушы өмірбаяны хақындағы ойын былай білдірген: «Жүсіпбек Аймауытовты 1884 жылы 28 қарашада туды, 1930 жылы 7 сәуірде өлді деп жазып, әділдігіне көшкен мақұл» («Ана тілі», 1990, 7 ақпан). Ал сталиндік зұлматқа ұшыраған бір топ қаламгерлердің (А.Байтұрсынов, М.Әуезов, М.Жұмабаев, М.Дулатов, Ж.Аймауытов) ОГПУ, НКВД түрмесіне отырып істі болған тарихы туралы «Абақты» атты көркем-публицистикалық зерттеулердің авторы, жазушы Д.Досжан: «Сот құжатында, жазушының өз қолымен толтырған анкетасындағы туған уақыты 1890 жылы болып көрсетілгені», деп жазғанына мықтап табан тірейді («Жалын», 1991, №4, 34-бет).

Бұл бағыттағы ізденіс-көзқарастар, атап айтқанда, Ж.Аймауытұлының туған мерзімін Қ.Мұхамедханов 1890 жыл («Семей таңы», 1989, 4 қаңтар), Семей университетінің оқытушысы Т.Қабышев «Семейдің жаңа құжаттар орталығы» дерегі бойынша – 1892 жыл деп көрсетеді («Қазақ әдебиеті», 2001, №35). Ғылым кандидаты, жүсіпбектанушы Н.Қуантайұлы жазушының туған жылына бірсыпыра салыстырулар жасап, С.Сәдуақасов сұрақтарына табан тірейді. Жазушы жазбасындағы – сиыр жылы: «1889 – нақты, дәл сан» деп көрсетеді. Тарихшы Һәм жүсіпбектанушы Т.Каленова: «... Жүсіпбек 1889 жылы Баянауыл өңірінде дүниеге келген. Ол 1929 жылы «ұлтшыл, халық жауы» деп айыпталып, 1930 жылы 21 сәуірде Мәскеудегі Бутырка түрмесінде атылады» деп жазады. Ал С.Байбосын «Алаштың Аймауытовын іздейтін

кім бар?» атты мақаласында жазушыға қатысты кейбір дерекке ден қояды («Қазақ әдебиеті», 2014, 7 ақпан). Бастапқы тұста жазушының аты-жөнін – Оймауыттың Түсіпбегі, – деп атағаны, ата-бабасы мен өскен ортасын, өмір жолының кейбір бұралған-қалтарысты тұстарын әңгіме-естелік, мұрағаттық деректер негізінде сөз етеді. Туған жылына қатысты да бұрынғы, соңғы деректерге мән береді. Асылы, ақиқаттан ешкім айналып та, аттап та өте алмасы анық. Осы реттен келгенде, еліміздің Орталық мұрағатында, ҰҚК мен Шымкент, Ташкенттегі мұрағаттарда Алаш ардағы, асыл сөздің санлағы Жүсіпбек Аймауытұлының қайтыс болған уақыты – 1930 жылдың 21 сәуірінде, Мәскеудегі Бутырка түрмесінде атылғаны жазылған. Біздіңше, осы жыл мен уақыт – ақиқаттың ту тіккен тұсы. Осыған ден қойған, тоқтаған жөн. Ақиқат барометрі, өмір-уақыт өлшемі – қай кезеңде де үстем ғой.

Болашақ қаламгердің өскен ортасы, отбасы жайлы сөз етер болсақ, алдымен еске түсетіні – жазушының С.Сәдуақасовтың сұрақтарына қайтарған жауабы. «Өз жайымнан мағлұмат» атты өмірбаяндық қолжазбада (1928, қаңтар. Шымкент) жазушының өмірі мен шығармашылығы хақында дәлелді деректер беріледі. Алдымен, М.Көпеев пен С.Торайғыровка туыстығын, 7-8 атадан қосылатындығын еске алады. Өмірбаяндық Һәм шығармашылық мағлұматтардан да жүйелілік бедері, таным мен талғам таразысы танылады. Қолжазба М.Әуезовтің жеке мұрағатында сақталған екен. Тапсырған С.Сәдуақасовтың жұбайы Елизавета Әлиханқызы Бөкейханова. Ол қаламгердің шығармашылық мұрасы ақталғаннан кейін баспасөзде

жарияланды («Қазақ әдебиеті», 1988, 23 желтоқсан). Осы ретпен сөз етсек, Жүсіпбек – Күлік руының Ақыл деген атасынан тарайды. Ақылдан – Дәндебай, Молдабай, Ордабай деген балалары болады. Дәндебайдан Оспан, Аймауыт (негізі – Оймауыт) туады. Ал Аймауыттан Жүсіпбек пен Жақыпбек тарайды. Әкесі Аймауыт та, атасы Дәндебай да шаруа баққан адамдар екен. Аймауыт бес ағайынды (Дәндебайдың бәйбішесінен Аймауыт пен Иса, тоқалынан – Оспан, Абылайда, Өбдіраман туған) болғанымен, кедейліктің қамыты қатты батқандықтан – қарапайым еңбекке бет бұрып, «мал табуға», өнер-білімге баулиды. Жазушы өмірбаяндық жазбасында жастық кезеңін төмендегіше еске алады: «5 жасымнан 15-ке шейін ескі молдадан оқып, «Мұқтасарды» дендеп, «Нақу» оқып барып қалдым». Ауылымызда Оспан деген кісі молда ұстаушы еді. Әуелі Жүніс кожадан, содан кейін Шаймардан кожадан, артынан Қожахмет молдадан, Қапар қажыдан, Мұқаметжаннан оқыдық. Сөйтіп ескіше 5-6 молданың алдын көріппіз. Бастапқы екеуі болмаса, соңғылар басқа ауылдың молдасы. Жаз жайлауда оқып тұрушы едік».

Орайлы тұста еске алсақ, 1921-1922 жылдардағы алапат аштықтың зобалаң-зардабы, көлекелі тұстары – Ж.Аймауытұлына да әсер етеді. Еске түсірсек, Семейде «Жанар» атты ұйым құрылған-ды. Ұйымның негізгі мақсат-міндеті: қарапайым халыққа көмектесу, ұлт бостандығы жолындағы жастарды қамқорлыққа алып білімге, саясатқа тарту болды. Ж.Аймауытұлы осы жылдары ел ішінде саяси науқандарға қатысып, Торғай уезінің ашыққан халқына жәрдем ету ниетімен Семей губерниясынан 8 мың мал қаралаудың, жолсыз жазаның нәтижесінде жауапқа тартылады. «Малды бөлгенде комиссияның басқа мүшелері Құлжанлы, Балғабайұлының көрсетуімен ауылдық, болыстық өкілдердің қолына бермек ордерді мен жазып тұрдым. Жеке адамдарға, қызметкерлерге мал бергенде комиссияның ұйғарған адамдарына ғана бердім. Малдың дұрыс бөлінуіне, мұқтаждарға, аштарға бөлінуіне көңіл бөлдім» дейді соттағы жауаптарының бірінде («Еңбекші қазақ», 1926,

16 наурыз). Ашық сот мәжілісі «Еңбекші қазақ» газетінде (15-26 наурыз, 1926 жыл) жарияланып тұрды. Соттағы сұрақ-жауаптан Қазақстандағы 1921-1922 жылдардағы алапат аштық көріністері, әміршіл-әкімшіл жүйе ұстанымы, кезең-уақыт шындығы айқын аңғарылады.

Жүсіпбектану тақырыбына қалам тартып, бірқатар ізденістер жасап, зерттеу еңбектерін жазғандардың қатарында: З.Ақышев, З.Ахметов, Д.Әбішев, Ө.Тәжібаев, Б.Кенжебаев, М.Қаратаев, Қ.Мұқамедханов, М.Базарбаев, С.Қирабаев, Т.Кәкішев, Т.Қожақеев, М.Қозыбаев, М.Қойгелдиев, Б.Қойшыбаев, Б.Құндақбаев, Қ.Жарықбаев, М.Атымов, Г.Бельгер, Б.Байғалиев, Д.Досжан, С.Дәуітұлы, Т.Жұртбай, Қ.Ергөбек, Қ.Керейқұлов, Д.Қамзабекұлы, С.Аққұлыұлы, Г.Ахметова, Г.Елеукунова, К.Әбдіқожа, Қ.Әубәкірова, А.Зейнуллина, А.Мірәлиева, Р.Досжанова, Т.Қаленова, Д.Құсайынов, А.Тасымбеков, Р.Тұрысбек, Д.Ысқақұлы т.б. болды. Бұл бағыт, әрине болашақта: бакалавр – магистр – PhD (философия докторы) арқылы толығырақ түсесі анық.

Анығында, Ж.Аймауытұлының өмірі мен шығармашылығының тақырыптық ауқымы кең, көркемдік-рухани нәрі мол, танымдық-тәлімдік сипаты мен әсер-ықпалы зор. Батыр-жазушы Б.Момышұлы адами мұрат пен ұлылық иірімін қысқа-нұсқа үлгіде жүйелі жеткізеді: «...Менің ұстазымның көп. Солардың бірі – Жүсекең...Өмірден өз орнымды табуыма көмектесіп, дұрыс бағыт сілтеген ол кісіге мен мәңгі қарыздармын» (Қалдыбаев М. Ұстаздарымның бірі – Жүсекең. - «Алматы ақшамы», 1989, 13 қазан). Ал Ғабен – Ғабит Мүсірепов: «...Сырлы да сұлу, сарабдал да сиқыр сөз иесі Жүсіпбек Аймауытов менің әдеби ұстазым екенін жасыра алмаймын», деп жан-жүрегің айқара ашып, ағынан жарылады.

Асылы, жүсіпбектану – XX ғ.б. қазақ әдебиетін оқып-үйрену, зерттеп-зерделеу ісінде берері мол, дерегі көп, мәнді бағыт, кең өрістердің бірі болып табылады. Өрі тақырыптық ерекшелігі мен жанр жүйесі айқын, көркемдік кеңістігі кең, мәтін құбылысы мен диалог қызметі мәнді, тілдік-стильдік сипаттары айшықты-нақышты қырларымен назар аудартады.

Жүсіпбектану – қазақ әдебиетіндегі бағыты айқын, жанр жүйесі мәнді, көркемдік нәрі мол, айдыны кең, ағысы күшті асыл арналардың бірі.

Рақымжан ТҰРЫСБЕК,
филология ғылымдарының докторы, ЕҰУ профессоры